

ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНДА СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Иманбетов А.Н., п.ғ.к., доцент; Абишев Ж.Б., п.ғ.м., аға оқытушы;
Ануар С., п.ғ.м., аға оқытушы; Кусаинов Д.А., аға оқытушы;
Мускунов Қ.С., п.ғ.м., аға оқытушы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында жастарды адамгершілік, еңбекқорлыққа тәрбиелеу шешуші міндет атқарған. Патриоттық тәрбие жұмыстарының мәні мен мақсаты және оны ұйымдастырудағы педагогикалық талаптардың мәні - қоғамдық әсер етудің анағұрлым белсенді тәсілдері адамның рухани қабілетін қалыптастыру арқылы патриоттық тәрбиенің жан-жақты жарасымды дамуына ықпал ету болып отыр.

Бүгінгі қоғамда студент жастарды жан-жақты патриоттылыққа тәрбиелеуге арналған міндет-мақсат ауқымды. Ал нәтижесінде шамалы педагогикалық тәжірибе қалыптасты.

Ол тәжірибелердің негізгі жүйесі халық педагогикасының асыл мұраларына негізделгенімен, іс жүзінде ұлттық тәлім - тәрбие құндылықтарының өз мүмкіндігінен төмен жағдайда қолданылатын шектеулі әдістемелерге сүйенгендіктен, көп жағдайда теріс пікір қалыптастыратын бұрмалаушылыққа итермелейтін жағымсыз жайттарға соқтыруда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алуымен және өзінің әлеуметтік қоғамдағы өзіндік жеке дара субъекті статусын алуымен байланысты қазіргі замандағы жаңа әлеуметтік саяси шындыққа орай студенттерге патриоттық сезімді тәрбиелеуде, жаңа жолдарды іздеуді талап етеді.

Патриотизм әлеуметтік жауапкершілік мөлшерін, студенттердің белсенділігін және оның қоғамның әр саласында атсалысуын анықтайтын шама болғандықтан, патриоттық тәрбие студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін орта буын болуы қажет.

Жаңа қоғамда студенттерге патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жан – жақты талдау патриотизм мәнін ашып көрсетуде зеріттеушілер бұл феноменнің тарихи түбірі біліммен және жеке мемлекеттердің өз жеке-даралығын және ұлттық тәуелсізділігін сақтаудағы күресіне баса назар аударуларын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл жерде патриотизм адамдарда көптеген ғасырларда қалыптасатын аса терең сезім ретінде көрінеді.

Қазақ халқының мол тарихын ескере отырып ұлттық сананы қалыптастыруда, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысында патриоттық қаһармандық ерлік дәстүрінің негізгі элементтерін, оның ішінде патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі ерлік және жауынгерлік тәрбие мазмұнын жан-жақты қамти отырып, кеңінен енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Халық батыры Б.Момышұлы «Бұрындары жасалған ерліктерді сыйламай, қадірлемей тұрып, жаңа ерлікке шақыру берекешілік» - деп атап көрсеткендей студенттерді ата-баба дәстүрі бойынша ерлік рухта тәрбиелей отырып олардың бойына намыс, парыз, ұлттық сана және жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет [1].

Жастардың бойында жауынгерлік біліммен дәстүр арқылы ерлікке баулуда төмендегідей міндеттерді негізге алдық.

- Қазақ халқының ұлттық ұстанымдарын пайдалана отырып, студенттердің бойындағы ұлттық сана - сезім, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, Әнұранына деген құрметін қалыптастыру;
- ғылымға, білімге деген ықыласын арттыру, өмірлік мақсаттарын айқындауға, жеке бастың қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу;
- жат қылықтарға қарсы төзбеушілік және құқықтық қасиеттерді меңгерту;
- студент жастардың спорттық мүмкіндіктеріне байланысты дене шынықтыру түрлеріне бейімдеу;
- студент жастар қазақ халқының ұлттық құндылықтарын меңгеріп және жауынгерлік тарихын, жауынгерлік дәстүрімен таныса отырып, елін, жерін қорғайтын және ұлттық бірлікті, бейбітшілікті нығайта алатын азамат тәрбиелеу.

Бұл мәселені шешу үшін біріншіден, педагогикалық талаптарды ескере отырып тұжырымды бағдарламалар, оқулықтар, оқу-құралдары, әдістемелік нұсқаулар жасау қажет. Мұның өзі

студенттердің ұлттық патриотизмінің таңдаулы үлгілерін адамгершілік, азаматтық (патриотизм және интернационализм-адамгершілік тәрбиесінің бір саласы) білімдерін дамытуға жәрдемдеседі.

Екіншіден, оқу материалына зәру болып жүрген студент жастарға бұл мәселені дұрыс жүзеге асыруда көмектесіп, бағыт-бағдар береді.

Үшіншіден, қазақстандық патриотизмге және интернационализмге баулудың белгілі бір саласынан жасалған мұндай дидактикалық кешен халықтық мәдени дәстүрді, тарихи кезеңдерді, әдет-ғұрыптарды тез меңгертуге мұрындық болады. Енді осы мәселелердің шешімін табу жолдарына тоқталайық.

Ендігі міндет жастарды патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын педагогикалық жақтан негіздеу және оны жұмыс практикасына ендіру жолдарын қарастыру.

Патриоттық тәрбие жұмыстары барысында Отанға сүйіспеншілік, жалпы елдің экономикалық ғылыми, моральдық-саяси, әскери қуатын арттыруға үлес қосуға дайын болу, Отанды идеологиялық, мәдени экспанциядан қорғау, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сенімі қалыптасады; студенттер намыс, ар-ождан, қайырым, мейірім сезімдері мен қатар Отанын мақтаныш тұту, оның жетістіктеріне сүйсіну, қиындықтарына күйіну, әрқашан елін, жерін қорғауға дайын болу, басқаша айтқанда іс-әрекетімен ұштастыруға бейімделеді.

Бұлар соғыссыз, бейбітшілік замандағы патриотизм қандай болуы керек деген мәселенің шешімін анықтайды. Бейбітшілік замандағы патриотизм біздің жағдайымызда береке-бірлік, экономикалық өрлеуге үлес қосу, қазақтар үшін ұлттық мүддені қорғау, оның сақталып қалуын басты мұрат ету деп білеміз.

Тәрбиенің ірге тасының қаланатын тұсы - отбасы мен тұрмыс, сондықтан өмірде жастар арасында кездесіп жататын ана тілін ұқпау, салт-дәстүрді білмеу, үлкенді сыйламау сияқты келеңсіздіктердің пайда болуы, отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі, ата-ананың бала тәрбиесіне мән бермеуінен дейді.

Осыған орай З.Ахметова тағы да Бауыржан атаның мынадай сөзін келтіреді: «Тәрбиенің қайнар көзі ата-ана. Олардың тыныс-тіршілігі, өмірге көзқарасы, рухани өрісі, өзара қарым-қатынасы, қысқаша айтқанда, бүкіл болмысы балаға тәрбие» - деп, ол атасының ар-ұят, намыс, имандылық секілді адамның азаматтық қасиеттері туралы ой-пікірлерін насихаттайды.

Адамның бойында ұят сезімі қалыптасқан күнде ғана Отан алдындағы парызды орындау үшін саналы түрде қауіп-қатерге бас тіге алады. Б.Момышұлы - «әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге міндетті», - деген. Бұны отбасында өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге тәрбиелеуде ерен үлес қосатын аса маңызды әлеуметтік орта деп ой түюге болады [2].

Сол себепті мұнда студент жастарды патриотизмге тәрбиелеуді ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қарастыру өз алдына бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселесі екендігі атап көрсетеміз. Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл қоғамның жай-күйі оның әрбір азаматына байланысты деген сөз.

Демек, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі. Адамдар санасындағы бұрынғы Кеңес Одағы кезінде патриотизмнің мазмұны, жаңа қоғамдық жағдайда біртіндеп жаңару процесін бастан кешіруде, бірақ сол құндылықтар әлі қалыптасып бола қойған жоқ.

Ресми деректерге сүйенсек, қырқыншы жылдардың қырғынына қайысқан қазақ ұлты перзентінің жүз біріне Кеңес Одағының батыры атағы беріліпті. Яғни, жалпы көрсеткіш бойынша Одақтың негізін құраған үш славян халқы мен еврей және татарлардан кейінгі орында қазақтар тұр.

Өктемдігі жүріп тұрған ұлттың кейбір өкілдерінің тарапынан болған кейбір әделетсіздіктерді, солақай саясатты есепке алсақ, халқымыздың қаһармандығы күмән қалдырмайтыны ақиқат [3].

Патриоттық сезімнің қайнар көзінде объектісі де Отан. өз мазмұны бар, бұл сезімнің туындап қалыптасуының өз шарттары бар дей келе ол, «қазақстандық патриотизм» тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние, психологиялық-әлеуметтік құбылыс.

Ғалым отансүйгіштіктің өлшемі әр адамның өз Отанының қорғанысын, экономикасын, мәдениетін, ғылымын, рухани қабілетін арттыруға қосқан үлесі деп таниды.

Ғалымның бұл пікіріне біздің патриотизм тек қару алып жауға қарсы шығу ғана емес, күнделікті өмір салтында «Отаным», «халқым», «елім», «ұлттым» дегенді ұмытпау, өз мүддесін көздеп, не істесе де өзінің қазақ ұлтының өкілі, соның құрамдас бір бөлшегі екенін естен шығармау деген ой-пікірімізді нығайта түсті. Отанын қайда жүрсе де мақтан тұтса, оған жүрек қалауымен қызмет етсе, «патриоттық сезім - ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі қару-жарағы күшті болғанымен, ұлттың

рухы төмен болса, әскердің қай түрі болса да әлсіздік көрсетеді» - дейді Ә.Қалмырзаев [4].

Бұл - патриоттық тәрбиенің жемісі. Оның ішінде ізгілікке, адам сүйгіштікке, парасаттылыққа негізделген игілігі. Егер «патриотизм» деген қасиетті ұғым жекеше адамдардың, топтардың, тіпті тұтас этностық немесе діни бірлестіктің эгоизмі мен пайда табу мақсаттарына пайдаланатын болса, онда оның зардабы ұшан-теңіз.

Өткен ғасырдың пешенесіне бұйырған екі бірдей жиһандық соғыстың аралығындағы Германияның мысалы жоғарыда айтылған пікірімізге көрнекі дәлел бола алады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың ойын құнын көтеріп, экономикасы тұралап қалған елді дер кезінде ұсынылған ұлттық идея – неміс патриотизм желеп топтастырып, халық шаруашылығын қалпына келтіріп қана қойған жоқ, аз ғана уақыт ішінде қарыштап дамуға жеткізді.

Ұлтшыл патриотизмнің жаппай қанат жайуы нәтижесінде өрлеп, шарықтау шегінде фашизмге айналған бұл идея өзі дүниеге әкелген державаны ақыры күйретіп тынды. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жапон империализмі туралы да осындай тұжырым жасауға болады.

Сондықтан да белгілі қоғам қайраткері Джонсон «патриотизм» ұғымын жеке мүддеге бағындырғандар жайлы «Онбағанның ең соңғы жеткен жері – патриотизм» деген қанатты сөзі шындықты дәлелдей түседі.

Кешегі Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес өкіметінің басшылары орыстың халық батырларының әруағын бекерден бекер сыйлаған жоқ. Сондай үрдістерден біз де үнемі сабақ алуға тырысамыз.

Осындай пікірді Қазақстан жағдайында пайдалансақ, өсіп келе жатқан жас буындарда Отанымыздың әлеуметтік саяси құбылыстарға дұрыс көзқарас қалыптастыра білсек, жаңа мазмұнды сана, сезім, іс-әрекет аясында олардың жалпы патриоттық ой-пікіріне ықпал етер еді.

Мұндай ойды толығымен келтіріп отырған себебіміз бейбітшілік жағдайдағы патриотизмнің сипатын көрсету. Бұны жай ғана күнделікті өмірдегі қарабайыр, ұсақ-түйек деп қарауға болмайды.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім т.б. сезімдерін дамытуы, қала, жер-су, көше, т.б. өз атымен атау, үй жиһаздары т.б. ұлттық сипатына мән беру, ұлттық мәдениетті бәрінен жоғары тұту, қазақ өнеріне ден қою, секілді толып жатқан ірі, ұсақ нәрселер.

Осылардың ең бастысы - өз ұлтын мақтан ету жақсы жақтарымен басқа ұлт өкілдеріне өнеге көрсетуге әрқашан дайын болу, өзгелерді жатырқамау. Ал «Қазақстандақ патриотизм» қазақ және басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанды «өз Отаным» деуге негізделеді.

Әрине, жоғарыда айтылған жағдайлар негізінен белгілі бір ұлт өкілдері басымдылық танытатын елдерде орын алатыны белгілі жағдай. Ал басқаларға өктемдік жүргізбек түгілі өз жерінде өгей баланың күйін кешіп, тілі мен діні, ділі қажу көріп келе жатқан қазақ тәрізді ұлттың атын иеленген республикада патриотизм қалай дамып, ұлттық идея қандай негізде ілгерілеуі керек - деген заңды сұрақ туады.

Яғни, елдегі этностық топтардың тарихи сабақтастығына һәм мұқтаждықтарына нұқсан келтірместен бүкіл республика тұрғындарын жалпы халықтық ортақ мүддеге жұмылдыру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

Соған сай республиканы мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қазақстандық қоғамның ұйтқысы болып отырған Қазақ халқының төңірегіне топтасуы қазіргі уақыт алға тартып отырған қажеттілік екенін саналылықпен түсінуі және түйсінуі керек. Сонда ғана жарастықты салтанат құрып, баршаға бірдей игілігін тигізеді.

Яғни, шынайы интернационалист болуы қажет. Сонымен біз жоғары оқу орындары студент жастарына патриоттық тәрбие беру теориясының жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде патриоттық тәрбие проблемаларын айқындауға талпыныс жасадық.

Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие беру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы ұрпақ сабақтастығында негізінде жастарда патриоттық тәрбие беру екендігін анықтадық.

Әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991. - Б.52-54.
2. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы. - Алматы, 1976. - Б.8.
3. Харламов И.Ф. Воспитание патриотизма и культура межнационального отношения // В кн.: Педагогика Учебное пособие. -3-е изд, перераб.и доп. – М., 2002. – 517 с.
4. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. -1998. - 10 қаңтар.-№6.- Б.2.